

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Автомобиль жолдары және инфрақұрылымдық кешен құрылысы комитетінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Қазақжолқұрылыс" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын жекешелендіру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 3 желтоқсандағы N 1255 Қаулысы
Қазақстан Республикасы Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Қазақжолқұрылыс" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын мүліктік кешен ретінде жекешелендіру туралы ұсынысы қабылданын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті қызмет бейінін сақтауды негізгі шарт етіп белгілей отырып, шаруашылық жүргізу құқығындағы "Қазақжолқұрылыс" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының мүліктік кешенін тендерде сатуды жүзеге асырсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі